**Түркіменстан Президенті С.А. Ниязовтың 2001 жылғы 5-6 шілдедегі Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 22 қыркүйек N 1224

Қазақстан Республикасы мен Түркіменстан арасындағы екі жақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Түркіменстан Президенті С.А. Ниязовтың 2001 жылғы 5-6 шілдедегі Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) б е к і т і л с і н .

2. Орталық атқарушы органдар және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша)

Жоспарда көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде жарты жылда бір рет Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлап отырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 22 қыркүйектегі
N 1224 қаулысымен
бекітілген

Түркіменстан Президенті С.А. Ниязовтың 2001 жылғы 5-6 шілдедегі
Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген
уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

---------------------------------------------------------------------------
Р/с! Іс-шара ! Орындалу ! Жауапты орындаушы
N ! ! мерзімі !

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|

1. 2001 жылғы 5 шілдеде қол қойылған төмендегі құжаттардың күшіне енуі жөніндегі мемлекетішілік рәсімдердің орындалуын қамтамасыз ету:

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстан Республикасы мен Түркіменстан арасындағы жазасын әрі қарай өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды беру туралы шарт | 2001 жылғы IV тоқсан | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 2 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстан Үкіметі арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісім | 2001 жылғы IV тоқсан | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |
| 3 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстан Үкіметі арасындағы білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар туралы құжаттарды өзара тану туралы келісім | 2001 жылғы IV тоқсан | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 4 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстан Үкіметі арасындағы салық заңдарын бұзушылықтарға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасу туралы келісім | 2001 жылғы IV тоқсан | Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі |

2. Мынадай құжаттарды қол қоюға дайындау:

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 5 | Қазақстан Республикасы мен | 2002 жылғы | Қазақстан Республикасының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Түркіменстан арасындағы ұзақ мерзімді сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы 2001-2010 жылдарға арналған шарт | I жарты жылдық | Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 6 | Қазақстан Республикасы мен Түркіменстан арасындағы мұнай-газ саласындағы стратегиялық әріптестік туралы декларация | 2002 жылғы IV тоқсан | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |
| 7 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | 2002 жылғы I жарты жылдық | Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті |

3. Мұнай өнеркәсібі

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Түркіменстан-Өзбекстан-Қазақстан-Қытай газ құбырын жобалау және салу мәселелері бойынша консультациялар ұйымдастыру | 2001 жылғы IV тоқсан | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |
| 9 | Қазақстан-Түркіменстан-Иран мұнай құбырын жобалау және салу мәселелері бойынша консультацияларды жалғастыру | 2001 жылғы IV тоқсан | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "Мұнай және газ көлігі" ұлттық компаниясы" ЖАҚ (келісім бойынша) |

4. Көлік саласындағы ынтымақтастық

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10 | "Солтүстік-Оңтүстік" темір жол дәлізін қалыптастырудың келешегіне байланысты мәселелер бойынша консультациялар жүргізу | 2001 жылғы IV тоқсан | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 11 | Қазақстан мен Иран арасындағы жүктерді тасымалдау кезінде тепе-теңдік жағдайында темір жол тарифтеріне жеңілдік беру мәселесін түркімен тарапымен келісу | 2001 жылғы IV тоқсан | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

5. Мәдениет саласындағы ынтымақтастық

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | Ашхабатта Орталық Азияның мәдениет пен өнер қайраткерлерінің кезекті кездесуін өткізудің мүмкіндігін қарастыру | 2002 жылғы I жарты жылдық | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |

6. Әртүрлі

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13 | 2001 жылы халықаралық Аралды Құтқару Қорының Түркіменбашы қаласындағы кезекті мәжілісіне қатысу | 2001 жылғы IV тоқсан | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 14 | Астана қаласында қазақстан-түркімен сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның екінші мәжілісін өткізу | 2002 жылғы I жарты жылдық | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 15 | Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ашхабатқа ресми сапарын | 2002 жылғы II жарты жылдық | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |

дайындау
---------------------------------------------------------------------------

Мамандар:
Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК